

ЖІБЕРУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Құрметті клиенттер! Басқа елге жүкті (сәлемдемені) жіберер алды және төлем жүргізбес бұрын төмендегі ақпаратпен танысуыңызды сұраймыз.

«EMEX» ЖШС-нің міндеттері, қызметтері мен функцияларына мыналар кірмейді:

- 1. Басқа мемлекеттерде жүктердің кедендік ресімдеуі бойынша кеңес беру,** сондай-ақ кеден заңнамасының мәселелері, кедендік жеңілдіктер мен алымдар мөлшері, импорттық тауарларға салық салу және т.б. мәселелер бойынша кеңес беру.
- 2. Басқа мемлекеттердегі кедендік рәсімдеу.** «EMEX» ЖШС бұл қызметті Қазақстаннан тыс жерде көрсетпейді және ол үшін жіберушілер мен алушылардан ақы алмайды. Қазақстаннан FedEx арқылы тауарларды жөнелте отырып, сіз «EMEX» ЖШС-не тек жеткізу қызметі үшін ғана төлем жасайсыз.
- 3. Жүктің белгіленген елдегі кеден органдарының жүкті кешіктіруі немесе алып қоюы және соның салдарынан жеткізу мерзімін бұзуы үшін жауапкершілік.** Мұның орын алуының себептері: жөнелтуші инвойста көрсеткен жүктің мазмұны мен мәні туралы жалған ақпараттың орын алуы; алушының кедендік ресімдеуді уақтылы жүргізбеуі немесе одан бас тартуы; тауарлардың елге кіруіне тыйым салынуы. Жүктің баратын еліндегі кеден заңнамасына байланысты жоғарыда аталған әрекеттердің салдары әртүрлі болуы мүмкін - кеден органдарының жүкті алушы кедендік ресімдеуді аяқтағанға дейін кешіктіруінен бастап жүкті жеткізу кезінде тәркілеуге дейін, елге әкелуге тыйым салу немесе кедендік ресімдеу үшін берілген уақыттың өтуіне байланысты жүкті тәркілеу.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «EMEX» ЖШС-сі жіберушілерге келесі ұсыныстарын ұсынады:

1. Тауар жөнелтілетін елдігі кеден және импорттық ережелерімен танысу немесе олар жайлы ақпаратты алушыдан нақтылау. Егер алушыда бұл ақпарат болмаса, оны нақтылауды және онымен танысуды сұраңыз.
2. Жүкке ілеспе құжаттарда (инвойс, жол құжаты) нақты ақпаратты көрсетіңіз. Бұл алушыға кедендік төлемдер мен кедендік ресімдеу кезіндегі күтпеген шығындарды және кедендік кешіктірулерді болдырмауға көмектеседі.

Құрметпен

«EMEX» ЖШС, Қазақстандағы FedEx корпорациясының лицензиаты

